



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІ



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС — ҚАЗАҚЫ ҚАЛЫП

Әдістемелік құралы

АСТАНА
2013

УДК 373
ББК 74.200.5
Ұ 19

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Жастар ісі комитетінің тапсырысы бойынша*

Ұ 19 Ұлттық болмыс – қазақы қалып: Әдістемелік құрал /
Редакциялық алқа мүшелері: *С. Фаббасов, О.Ж. Темірбеков, Ж.Қ. Боқанова,
Ж.К. Кәрімова, А.Ж. Жанаев.* –
Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде.

ISBN 978-601-7507-05-3

Әдістемелік құрал «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен» даярланған.

«Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп, қалыптастыруымыз керек», – деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, «Иманды ұл, инабатты қыз – елдің көркі» сериясымен жарық көріп отырған бұл әдістемелік құралда 13-18 жас аралығындағы жас ұрпақты қазаққа тән көпшілдікке, қонақжайлылыққа, шешендікке, кеңпейілділікке, жомарттыққа және т.б. ұлттық қадір-қасиеттерге тәрбиелеу мәселелері көтеріледі.

ISBN 978-601-7507-05-3

УДК 373
ББК 74.200.5

КІРІСПЕ

Тәрбие – жеке адамның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін мақсатты түрде жүргізілетін қоғамдық өмірдегі ең басты әрекет.

Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби: «тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауына айналады» деп, тәрбие ісінің дүниетаныммен, білім берумен, ағарту ісімен тығыз байланысты екендігін атап көрсеткен.

Тәрбие жеке тұлғаның дүниетанымын, оның адамдық бейнесі мен болмысын, ақыл-ойын, көркемдік талғамын, мінез-құлық қасиеттерін қалыптастырады. Бір сөзбен айтқанда, тәрбие – жеке тұлғаның рухани дамуының негізгі факторы.

Әрбір ұлттың тәрбиелік үрдістеріндегі ерекше әсері тиетін, тәрбиелік қағидаларын айқындайтын құбылыс – сол ұлттың өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері: имандылық, қонақжайлылық, ақындық, шешендік, әдептілік, кішіпейілділік, мейірімділік – ұлттық тәрбиенің алтын өзекті арқауы болып табылады.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру жауапты сала екендігі бәрімізге белгілі. М. Әуезовтің пікіріне сүйенсек, «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білдіретіндігінен... Көпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін жас буынды жақсылап оқыта отырып, тәрбиелеу қажет».

Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде. Еліміз егемендік алып, ішкі-сыртқы саясатын өзі шешуге қол жеткізген қазіргі таңдағы басты міндет – әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру. «Мұндай балалар мектеп бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады» (М. Дулатов).

Елбасының «Қазақстан – 2030» бағдарламасы да, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауы да еліміздің болашағын ойлайтын жастарды тәрбиелеуді міндет етіп жүктейді. Ұлттық рухы қуатты ел – ұлы күш. Тек оны жас ұрпақтың бойына дарыта білсек, әрқашанда әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің алдыңғы қатарынан орын алып, тереземіз тең, еңсеміз биікте тұратыны хақ.

Бүгінде қазақ қоғамы жаһандану үрдісінің ықпалынан тасада қалмайтыны хақ. Сондықтан, ұрпақтар сабақтастығын, болашақты жалғайтын кейінгі толқынның бойында төлтума бітімімізді, ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, ұлттық кейпімізді сақтап қалу міндеті тұр. Ересек өмірге қадам басқан әрбір жас жеткіншектің ежелден ата-бабамыздан мұраға қалған ақыл-кеңестерден, өмірлік тәжірибелерден сусындағаны ләзім екені даусыз. Бұл бағытта жастарға оң мен солды нұсқап, дұрыс пен бұрысты сілтейтін ұстаздарға, ата-аналарға жүктелетін жүк салмақты.

I тарау. **«ҮЛКЕНГЕ – ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ – ІЗЕТ»**

Адам – ұлы тұлға, ал адамгершілік оның жоғары, саналы адамдық қасиеті.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген халық даналығы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ісінің отбасынан басталатындығын көрсетеді. Бұл туралы белгілі ғалым Ә. Табылды: «адамгершілік қасиеттерді (имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, т.б.) тәрбиеленушінің бойына дарыту үшін әуелі үйрету, содан кейін дағдыландыру, талап ету, мәжбүр ету тәсілдері қолданылады», – деп пікір қосады [1].

Классик жазушы Ғабиден Мұстафин: «Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды. Үлкенге сәлем беру, орын беру, жол беру, кимелеп баса-көктеп өтпеу, үлкен кісінің алдынан кесіп өтпеу, үйіне келген кісінің атын байлап, есік ашып, төрге шығарып, жақсы қабақпен аттандырып салу, мейманға, жолдас-жораға қайырымды болу сияқты дәстүрлер өмір бойы ескірмейтін, адамнан адам іштей әмән дәметіп тұратын табиғи құлық-мінездер. Бұл мінездерді қорлау – алдымен өзін-өзі қорлау, сыйлау – алдымен өзін-өзі сыйлау», – деп тәрбиелік мәні зор пікір қалдырған [2].

Өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге қойылатын мақсаттардың бірі сыпайы, мәдениетті, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін қоғамның белді тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Бұл ретте халқымыздың ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық өнегеге арқа сүйеу қажет.

Ата-бабадан жалғасып келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбиелік мұрамызға үңіліп қарайтын болсақ, халқымыздың әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету ұлттық дәстүрге айналғанын байқаймыз. Бүгінгі таңда осы дәстүрді бұзбау және оны қастерлеп бойға сіңіру әрбір жас тұлғаның парызы болып табылады. Қазақ халқының әдебін, бар дәстүрін бойына сіңірген Бөлтірік шешен бұл жайлы:

*Үлкен алдында иіліп сөйле,
Кіші алдында сызылып сөйле.
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді.
Сызылып сөйлегеннен сөзің үгілмейді, -*

дейді [27, 39]. «Ұлық болсаң, кішік бол!» деген қағидатты өміріне арқау еткен қазақ жұрты қашанда әдепті, сыпайы жанды ардақ тұтқан. Ал керісінше, әдепсіз, тәрбиесіз жандарды жек көріп, оларды ащы тілмен аясыз түйреп отырған. Оның айқын мысалы мына бір қанатты сөзден көрінеді:

*Әдепсіз өскен баладан,
Тәртіппен өскен тал артық.
Жөн білмейтін жаманнан,
Жайылып жүрген мал артық.*

Сөз түсінетін адамға бұдан артық енді не айтуға болады.

1) Сәлемдесу әдебі

Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесінде сәлем беріп амандасуға ерекше мән беріледі. Себебі, қарым-қатынастың бастауы болып табылатын сәлемдесу ізеттілікті, имандылықты, инабаттылықты, мәдениеттілікті білдіреді.



«Сәлем», «сәлемдесу» сөздерінің өзінде бір жылылық, ілтипаттылық сезіліп тұрады. Тәртібі дұрыс, әдепті кісі танысын, танымасын алдынан шыққан жасы үлкен кісіге алдымен, жылы шыраймен амандасудың өзі, ол адамның инабаттылығын танытады.

«Сәлем – сөздің анасы» демекші кез келген жерде, қандай жағдайда болмасын адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа жеңіл өту үшін алдымен амандасып, сәлем алысқаннан кейін жұмысы жөнінде сөз қозғайды. Бұл қашанда осылай болған, болады да, болуы керек.

Сәлемдесу – амандық білудегі әдеп жолы. Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем қылу сияқты түрлері бар. Сәлемдесу – кездескен адамдардың бір-бірінің амандығын біліп, қуанышқа бөленуі, бір-біріне аман-саулық тілеп, тілектестігін, ниеттестігін білдіруі, яғни ізеттілік пен әдептілік нышанын көрсетіп, амандыққа ақ жарқындалып, жақсылыққа жадырауы. Әрбір адам «қайырлы таң», «қайырлы күн», «қайырлы кеш» деген сөздерді амандасуға қосып, тәуліктің үш мезгілінде де бір-бірімен ақ жарқын амандасуы тиіс. Амандасу адамгершіліктің, әдептіліктің бір белгісі болып табылады. Амандасқан адам қазақ салтында оң алақанын жүрегінің үстіне қойып, ба-

сын изейді, не қол алып амандасады. Ол «Сізді шын жүректен құрметтеп, амандығыңызды тілеп, өзіңізге бас иемін» деген мағынаны білдіреді.

Адамзат қоғамының қай кезеңі болмасын, қандай да бір мемлекет болмасын, оның негізгі түп қазығы сол елдегі әрбір отбасыға тірелетіні даусыз. Олай болса, қазақ елі үшін де әрбір отбасының маңызы ерекше. Оған ата-бабамыздың бір-бірімен «Отбасың аман ба?» деп саулық сұрасып, «Отбасы амандағын берсін» деп амандық тілеп жатуының өзі жарқын дәлел.

Негізінен, әдептілік, кішіпейілділік, әркім өзінің орнын біліп, шектен шықпаушылық сәлемдесудің сәнін ғана келтіріп қана қоймай, мәнін де арттырады.

Әдепті елдің баласы алыстан сәлем береді (қазақ мақалы).



Сәлемдесу түрлі жағдайларда, әр түрлі адамдар арасында және түрлі тәсілдермен (мысалы, қазіргі кездегі техника құралдарының дамуына байланысты: ұялы телефон, жедел хат, интернеттегі хат алмасым т.б. түрлері) жүзеге асуы мүмкін. Соған байланысты, осылардың әрқайсының әдептілікке қатысты өзіндік ерекшеліктері болмай қоймайды.

Айталық, көптің үстіне, жиынға сырттан үйге кірген адам бірінші болып, жасы кіші кісі үлкенге; сырқат, мүгедекке қатысты алғанда дені сау адам сырқат кісіге бірінші болып; әйелге ер адам алдымен сәлем береді. Телефон шалған адам алдымен сәлемдесіп алып, одан кейін барып, өзін таныстырып, шаруасын айтады.

Сәлемдесу кезіндегі жағдай және сәлемдесетін орын да ескерілгені жөн. Мәселен, қызу талқы, мәнді ресми жиын, сұрақ-жауап түріндегі шаралар жүріп жатқан жерге кірген кісі жұрттың назарын аударып, іркіліс жасамау үшін, дауыстап сәлем беріп, қол алыспайды. Үнсіз бас изеп, сәлем ишарасын жасаса, жетіп жатыр. Дастарқан үстіне кірген кісі дауыстап сәлемдесе

де, жағалай түгел қол беріп амандасуы орынсыз. Әсіресе, қол алысып болып қолын жуу – нағыз әдепсіздік. Егер, елде ұзақ уақыт болмаған, алыс сапардан немесе сондай бір мәнді жолдан (мысылы, әскерден) оралған, яки қатты сырқаттан соң кездесіп тұрған адамның ресми емес орындарда: дастарқан басы, той-тұмалақ үстінде кездесуінің жөні басқа, ондайда әлгі шаруаларды тоқтата тұрып, тегіс көрісіп, қол алысып амандасу орынды болмақ, тек келген адам қолын жуып кірсе жетеді.

Үйдегі балалар, жас өспірім ұлдар мен жастар таңертең ұйқыдан тұрған соң беті-қолдарын жуып келіп, ата-анасына, отбасы мүшелеріне, қонақтарға сәлем беруі керек. Адамның әр күнгі іс-қимылы таңертеңгі сәлемнен, жақсы лебіз, қошаметтен басталса, ол тыныштықтың, салауаттық пен өнімді іс-әрекеттің жебеушісіне айналады.

Өмірде ұшырасуы ықтимал бар жағдайды түгел ескеріп, толық кеңес беру мүмкін емес. Әркім кіммен, қай жерде, қандай жағдайда жолығып тұрғанынан жаңылмай өзінің тәрбие деңгейіне қарай барынша сыпайы, әдепті сәлемдесіп үйренгені абзал. Сәлем беру – өткінші міндет емес, өмірлік міндет. Ендеше одан жаңылуға да, жалығуға да хақымыз жоқ.

Сәлем беру де – парыз, Сәлем алу да – парыз (өзбек мақалы).

Сәлемдесу әдебі ғасырлар бойы қалыптасқан. Мысалы: үлкен адам мен жасы кіші адамның сәлемдесуі, аттылы мен жаяудың сәлемі, ер мен әйелдің сәлемі т.б.

1) Сәлем беру – имандылық, инабаттылық, көргендік, мәдениеттіліктің белгісі. Қазақ халқында егер үлкен кісі кездесе, оны таныса да, танымаса да, жасы кіші адам оған сәлем беруге міндетті, ол – әдептіліктің бір белгісі ретінде қалыптасқан дәстүр... Алыс жолдан келген жолаушы немесе сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына, белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем берген. Кейде «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» деп жөн білетін үлкендердің өзі барып сәлемдесетін де жол бар. Егер сәлем ер адамға қатысты болса «сәлем берді» деп айтылады.

2) Келіндердің сәлем етуі. Сыйлы ата, ене, қайнағаларына кездескенде, көріп қалғанда келіні оларға иіліп сәлем қылады. Келіннің сәлем етуі әдептілік пен сыйлаудың белгісі ретінде қабылданады. Сәлем әйел адамға қатысты болса оны «Сәлем етті дейді».

3) Құрдас, қатарлас ер кісілердің сәлемдесуі бір-бірін көріп қалғанда қол беріп, ал көптен көріспеген достар құшақтасып, төс қағыстырып сәлемдеседі. Жасы үлкен адаммен сәлемдескенде жасы кішілер жағы аттан, көліктен түсіп барып және әрқашан қос қолын беріп сәлемдеседі.



Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені, Жақындықтың белгісі – келіп-кетіп жүргені (Мақсұд Шайхзада)

Сәлемдесудің мәні – ең алдымен адамның кейіп кескінін тану, болмысын байқау, өзіне деген көңіл ауғанын білу және тілек арқылы өзінің қалауын ұқтыру; бір-бірінің аман-саулығын сұрасу, өздерінің аман-есен дидарласып тұрғандарына қуанып, шүкіршілігін жасау, ниеттерінің ақ-адал, таза екенін білдіру. Орта Азиядағы туысқан түркі халықтары, барлық мұсылман елдеріндегідей, «Ассалау-мағалейкум» деген араб сөзімен амандасады, оның мағынасы «Сізге тыныштық тілеймін» дегенді білдіреді. Оған жауап, яғни сәлемді алу ретінде айтылатын «Уағалейкумассалам» сөздері «Сізге де тыныштық тілейміз» дегенді ұқтырады. Содан кейін барып: «Үй-ішіңіз, мал-жаныңыз аман ба? Денсаулығыңыз жақсы ма?» тәріздес білісу, жай, жөн сұрасу рәсімі жалғасады.

Сәлемдесуден кейін хал-ахуал сұрасу да әдепке, көргенділік, естілікке жатады [3].

2) Сыйластық әдебі

«Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды. Үлкенге сәлем беру, орын беру, жол беру, кимелеп баса – көктеп өтпеу, үлкен кісінің алдынан кесіп өтпеу, үйіне келген кісінің атын байлап, есік ашып, төрге шығарып, жақсы қабақпен аттандырып салу, мейманға, жолдас-жораға қайырымды болу сияқты дәстүрлер өмір бойы ескірмейтін, адамнан адам іштей әмән дәметіп тұратын табиғи құлық – мінездер. Бұл мінездерді қорлау – алдымен өзін-өзі қорлау, сыйлау – алдымен өзін-өзі сыйлау», – дейді классик жазушы Ғабиден Мұстафин.

Ата салтында жасы үлкенді сыйлаудың орны бөлек. Қазақтың қазақтығын танытатын да, оның адамгершілік шоқтығын өзгелерден биік көрсететін де осы салтымыз. Ой жүгіртіп, байыптап қарар болсақ, оның түп негізінде үлкен мән-мағына жатқан тәрізді. Бұл салттың шығу тарихында халық даналығы, терең ой-өлшемі жатыр. Таразылап қарасақ, жасы үлкеннің көргені де, тұрмыстан түйгені де көп, тәжірибесі де мол, тыңдай білген құлаққа құйып алар ақылы да жеткілікті, сондықтан ондай сый-құрметке бөленуі де заңды. Өзінен жасы үлкенді сыйлауда адамгершіліктің, инабаттылықтың негізгі өзегі жатса керек. Осындай сыйластық салты, үлкенді құрметтеу қаймағы бұзылмай сақталған жерде имансыздыққа, теріс қылықтарға орын жоқ.

Қазақ халқы үлкен кісілерге, ардақ тұтар жандар мен сыйластығы жарасқан ортада «Сіз» деген сыпайы сөзден жаңылған емес [4].

3) Иmandылық және инабаттылық

Иmandылық – адамгершіліктің алтын арқауы.

Адамгершіліктің негізі – иmandылыққа тәрбиелеу мақсаттары жеке тұлғаның сенімін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздейді.

Имандылық негіздері – әдептілік, инабаттылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік барлығы да жеке адамның санасында тәрбие арқылы қалыптасады.

«Иман» сөзі араб тілінде «сенім» деген ұғымды білдіреді. Имандылық – Алланың ақ екендігіне, ал Мұхаммед пайғамбардың Алланың елшісі екендігіне сеніп, Алла жолын, пайғамбар ұсынған парыздарды мүлтіксіз орындау, яғни адамгершіліктің биік мақсаттарын сөзсіз атқару, адамдықты асқан кісілікпен ақтаудың көрінісі.

Халық адамгершілігі жоғары кісіні «иманды екен» деп құрметтейді. Ал ар-ұяты жоғары адамның биязы, парасатты келетіндігін ескере отырып, «иманжүзді кісі» деп сый-құрмет көрсетеді.

Қазақ халқының ата дәстүрінде имандылық тек діндік сенім емес, ол әрі ұлттық саналық салтқа, ұлттық ерекшелікке айналған психологиялық құбылыс.

Жас ұрпақты имандылыққа баулу үшін олардың ар-ұятын оятып, намысын қайрап, мейірімділік, қайырымдылық, ілтипаттылық, кішіпейілділік, көпшілдік, қамқорлық, адалдық, ізеттілік секілді адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру әрбір ата-ананың, тәрбиеші-ұстаздардың ұлттық парызы [5].

Мұсылманшылық немен болады?

Қазақ ұғымында мұсылманшылық – адамшылық ұғымымен тең дережеде қабылданады. Ал мұсылманшылық ұғымы имандылық ұғымымен тығыз байланысты. Жоғарыда айтылғандай мұсылманшылық 5 парызды орындаумен болады. Бұл имандылықтың сыртқы жағы. Кімде кім мұсылманшылықтың сыртқы жағында қалып қойса, яғни тек тілмен айтып, бірақ жүрегімен бекітпесе, ондай мұсылманшылықтан пайда жоқ екен. Сондықтан мұсылманшылықтың ішкі иіріміне сүңгіген, оны терең түсінген ғұламалар, атап айтқанда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бұл туралы былай дейді: «Бұл мұсылманшылық деген немен болады: уағдаға опалы болуменен, пайда мен залал таласып келгенде, залалға өзі шыдап қалып, пайданы басқаға қиюменен болады.

Асылы адамзат: Адам ата, Хауа анадан өрбіген жан бәрі бір кісінің тұқымы екендігін білісіп, бір-біріне жаны ашып, артығы болса, ауысып, қажеті болса, берісіп, кем-кетігін көрісіп, ысхауатылығы, омырауаттылығы болуменен болады. Бұлардың бір де бірі жоқ, құр намаз оқып, ораза тұтқанмен, домалақ-домалақ тасты жіпке тізіп алып санауменен мұсылманшылық табылмайды» [26, 47].

Инабаттылық – әдептілік, тәрбиелілік, мәдениеттілік ұғымдарымен жақын мағынада қолданылатын, кісілік қасиеттер. Инабаттылық көбінесе, адамның мінез-құлық ерекшеліктерімен айқындалады. Оның басты көріністеріне: адамгершілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, жауапкершілік, тәртіптілік, қанағатшылық, биязылық, ілтипаттылық, ізеттілік, сабырлық, әділдік, шыншылдық т.б. жатады. Инабаттылықтың негізгі шарттары-

ның бірі – ар-ұятқа кір келтірмеу. Халық «жарлы болсаң да, арлы бол» дейді. Ар-ұяты бар кісі ғана биязы, ақжарқын, иманжүзді, инабатты келеді.

Инабаттылық – әдептіліктің әсем көрінісі. Инабаттылық рәсімдері: қарапайымдылық, сыпайылық, тіл алғыштық, адалдық, ұқыптылық, жауапкершілік.



Қазақта «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің», «Ұлық болсаң, кішік бол» деген мақал бар. Инабатты, биязы мінезді, қатардағы қарапайым, қамқоршы адамды халық нағыз перзентім деп үлгі тұтады. Сөзі дөрекі, мінезі шайпау, менмен, мақтаншақ, керенау кесір мінезбен халық аянбай күреседі. «Көзі соқырдан қорықпа, көңілі соқырдан қорық», «Өзін-өзі мақтаған өліммен тең» деп мақалдап, кесірлінің кемшілігін кесіп айтып, ел оны жөнге салып отырған.

Халық сыпайы адамның мәдениеттілікті сақтай білетінін жастарға үлгі тұтады. Сыпайы болу дегеніміз – әдеп сақтау, әдептілік үлгісін, мәдениеттілікті көрсету. «Болған жігіт болдым демес, болдым десе – болғаны емес» деп, халық кейде сыпайылықтың жөні осы екен деп, оны теріс түсініп, басқадан өзін артық көретін, сыпайылық пен кербездікті артықшылық санайтын санасыздықты қатты сынайды.

Халық педагогикасындағы инабаттылық, тәрбие дәстүрлері бірқатар ғалымдар еңбектерінде орын алды. Түркімен ғалымы К. Пирлиев ұлт тәрбиесінің негізгі өзегі инабаттылықтан бастау алу керек екенін қадап айтты. Қазақстандық ғалым К. Оразбекова инабаттылық иірімі жеке тұлға тәрбиесінің қайнар бастауы болуы керек екеніне назар аударады.

Инабаттылық қасиетінің ұрпақ бойында қалыптасуы индивидтің өзі қоршаған ортасындағы түрлі қарым-қатынастардың ықпалына байланысты деуімізге негіз бар. Себебі, әр халықтың өсіп келе жатқан ұрпағына ең алдымен қоятын үлкен талабы – оның шынайы адам болып қалыптасуы дегенге саяды.

Инабаттылық ұғымы кең. Инабаттылық қағидасы халықтың салт-дәстүрлерінен бастау алады. Оның астары адамгершілік, парасат, салауатты-

лық, имандылық қасиеттермен ұштасып жатыр. Осыған орай, халық педагогикасында инабаттылық қағидасы тек шектеулі қоғам талабы ғана болып қалмай, жас ұрпақтың өзі қоршаған айналасындағы түрлі құбылыстарға барынша бейімделуіне ерекше жағдай туғызатын құбылыс болып табылады.

Инабаттылықтың тәлімді түрі – тіл алғыштық. Ата салтын ардақтап, үлкенді сыйлай білетін, ананың ақ сүтін ақтайтын ұрпақ елгезек, тіл алғыш болады. «Тілазардың түбі – азар» деп, халық тіл алмайтын қырсықты жек көреді.

Инабаттылықтың бір негізі – ұқыптылық. Халық ұрпағын ұқыптылыққа бесіктен бастап тәрбиелеген. Баланың уақытында тамақтануы, тазалығы, дұрыс киінуі, ұйқысы ұқыптылықпен қадағаланбаса, оның өсуіне ұқыпсыздық зиян келтіреді.

«Қайраты бар кісінің, берекесі бар ісінің» деп, халық ұқыпты еңбек еткен адамның үнемі табысқа жетіп отыратынын уағыздайды. «Олақтан салақ жаман» деп, ұқыпсыздық, салақтықтың жаман екенін қисынды түйіндейді. Ұқыптылыққа үйрету рәсімдерін ата-ана, отбасындағы үлкен адамдар кішілердің бір-бірінің ісін бақылау, көмектесу арқылы іске асырады.

Кішіпейілділік дегеніміз — адамның айналасындағылармен қарым-қатынасында өзіне қатысты қандайда бір артықшылығы немесе өзгеше бір хұқы бар деп сезінбеуі жұрт мойындаған тәртіпке өз еркімен бағынуы, өзінің жеке бастық тұтынуын сол қоғамдағы халықтың материалдық жағдайына сәйкес шектеуі, барлық адамға құрметпен қарауы, өз қалауына қайшы келетін жеке-леген адамдардың ұсақ-түйек кемшіліктеріне төзімділік көрсетуі, сонымен қатар, өзі мен өзгенің іс-әрекетіне сын көзбен қарауы.

Кішіпейілділік, қарапайымдылық адамның барлық іс-әрекетінен, қимыл-қозғалысынан, өзін ұстауынан, мінез-құлқынан, тәртібінен, сөзінен, ең ақыры, киген киімінен де аңғарылып тұрады.

Кішіпейілділік өзге адамдарды сыйлаудан, олармен қарым-қатынас жасаудағы қарапайымдылықтан, басқалардан ерекшеленуге әрекеттенбеуден, өзінің қызметін дабыралап марапаттамаудан көрінеді. Ондай адамның сөзі ұстамды келеді, өзінің сезімін басқаларға білдіруге асықпайды, қарым-қатынасында тұрақтылық басым болып, аума-төкпелілікке жол бермейді. Бірақ, мұның бәрі қандай жағдайда да өз пікірін ашық айтуға кедергі болмайды. Өйткені, өзіне де, өзгеге де жоғары талап қояды.

Кішіпейіл адам адамгершілігі мол, мейірбан болады, кісіге қарасуға, қол ұшын беріп, жәрдемдесуге әзір тұрады. Кішіпейілділік жай нәрсе емес, ол – әдет, әлеуметтік дәреже, көп қошемет тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін де, халық «кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» деп оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізген.

Инабаттылық тұрғысынан жоғары бағаланатын қасиеттердің бірі – *сабырлылық* – адамның өзін-өзі билеуі, ісіне, әрекетіне, алдына қойған мақсатына ісін бағындыра білуі, қиыншылықтарды жеңіп, өзінің сезімдерін қа-

дағалауды жүзеге асыра алуы, айналасындағылардың қарсылығына душар болғанда, торықпауы немесе шалт қимылдарға бармауы. Ол – адамның ерік-жігер күштілігінің көрсеткіші, сонымен қатар, адамгершілік қатынастардың негізі. Оның тәрбиелік сипаты – адамның бірден қызбалық, ұрмалыққа жеңілтектікке салынбай, әр істің ақырына көз жіберіп, ойланып әрекет жасауында. Халықтың «Ашу алдында, ақыл соңында» деген данышпандық ескертуін іске асырып, ашуды ақылға жеңдіретін – сол сабыр. Сондықтан, сабырдың қасиетін сан ғасыр бойы сынақтан өткізіп, анықтаған ата-бабаларымыз:

*Сап-сап, көңілім, сап, көңілім,
Сабыр жетер мұратқа,
Сабырсыз қалар ұятқа.
немесе
Сабыр түбі – сары алтын,
Сақтаған жетер мұратқа, –*

деген сияқты мақалдар шығарған.

Адам өмірде қандай күйде болмайды. Кейбір кездерде қуанышы қойнына сыймай, шаттанса, тағы бір де күллі әлем көзіне қара түнек болып көрінеді. Мұндай реттерде, әсіресе, әлі тәжірибесіз, буыны қатпаған жастар тығырыққа тіреліп, шарасыздыққа ұшырап, торығады.

Әрине, адам өмірі үнемі бірқалыпты, әрі көңіл қалағандай күйде болмайды. Сондықтан, ренішті де қуанышты, бейнетті де рақат күндер алма-кезек келіп отыратынын жадына ұстап, соған орай сабыр қылу, шүкіршілік ету мәнді қасиет болып табылады.

Сабыр – әдептілік-инабаттылықтың рухани тірегі. Сабырлы адам басқа түскен ауыртпалықты мәрттікпен қабыл алады. Ал жеңіл, ұшқалақ кісі күйіп-піседі, өзін демде бір отқа, бір суға тастайды, қайғы-мұңға салынып, ұнжырғасы оңай түседі.

Адамның ми қабығында қоздыру мен тежеу процестері болып тұрады. Сабырлы адамда бұл процесс бір қалыпта болады. Ал ашуланшақ, қызба, жеңілтек, ойланып алмай іс істейтін адамдарды қозу тежеуден басым түсіп отырады да, ондай адам кейде өзіне ие бола алмай қалады. Бірақ, бұл әсерге көнбейтін нәрсе емес. Табанды да мақсатты тәрбие барысында, жаттығу, машықтану арқылы оны түзеуге, сөйтіп, сабырлылық дағдыларын қалыптастыруға болады.

Сабырлылық, сондай-ақ, баланы жауапкершілік сезімге тәрбиелейді. Мұны, әрине, баланың жас кезінен бастағанда анағұрлым нәтижелі болмақ.

Сабырлы адам қоғамда абыройлы болады, оның қадір-қасиетін барша жұрт мойындайды, айтқандары да әсерлі, көпшілік өз еркімен, ықтиярымен мойындайтындай салмақты, өтімді келеді.

II тарау. **«ҚЫРЫҚТЫҢ БІРІ ҚЫДЫР»**

Табиғатынан өнерпаз, шешен, меймандос мейірлі қазақ халқы қонақ күту әдебіне үлкен мән берген.

Дархан даланы мекендеген халықтың қонақжайлылығы ұлттық тұрмысқа (көшпелі тұрмыс) байланысты. «Құдайы қонақ» болып келген кісі ұлтына, жынысына, тегіне, жасына қарамай, ауылдағы кез келген үйге қонақ болған. Қонақ күту, оны шығарып салу рәсімдері (мал сою, сыбаға тарту, ат мінгізіп, шапан жабу) әрбір отбасының жағдайына қарай мүмкіндігінше толық орындалатын болған [6]. Жол жүріп кеп жатқан жолаушы «бөлінбеген еншім бар» деп, ауылдың кез келген үйіне түсіп, қонақ болған. Оның үстіне қазақта «Қырықтың бірі – Қыдыр», «Қонақты қусаң – құт, ырыс қашады», «Қонақпен еріп құт, ырыс келеді» деген мәтелдер бар. Сондықтан, халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән берген.



Қонақты үй иесі, қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі кіріп, есікті жабады. Бұл – қонақпен еріп келген «құт» бірге кірсін дегені. Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған. Бұл дегеніміз, кетіп бара жатқан қонақтың тағы айналып келер жолын жаппау болып есептеледі.

Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады. Ас дайын болғанға дейін қонақтардың көңілді отыруына, яғни олардың бабын табуға үй иесі бар жағдайын жасайды. Ол үшін үй иесі әңгіме-дүкен құрып, қонақпен бірге отырады. Реті келсе ауылдағы әнші, күйшілерді шақыртып, әңгіме арасында қонақтардың көңілін көтереді. Үй иесінің балалары да аяғынан тік тұрып қонақтарға қызмет көрсетеді.

Қонақ күту – халқымыздың ең жауапты ісі. Сондықтан, қонақ күту кезінде әр адам дастарқан басында қалай өзін ұстау керектігін білуі керек. Ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан, дастарқан басында әркімнің өзін дұрыс ұстай білу ережесінің қажеттілігі сонда – оның негізінде, адамдардың қысылмай, өзара көңілді отыруында, тазалық, сыпайылық талаптарын үйлесімді дұрыс сақтаудың да маңызы зор. Мысалы, үй иесі дастарқан басына отырмас бұрын қонақтарды бір-бірімен таныстырады, оның тәртібі: жасы кішілерді үлкендерге, ер кісілерді әйелдерге таныстырады. Ер кісілер алдымен әйелдерге орын босатып, сонан соң ғана өздері отырады.

Дастарқан басында отырғанда қатты сөйлеудің, қатты күлудің қажеті жоқ, амандасу үшін дастархан үстінен қол созу да дұрыс емес.

Кеңпейіл қазақ халқының ата-бабасынан қан арқылы ұрпағына беріліп, бар ұлттың ерекше сый-құрметіне бөленіп келе жатқан ізгі дәстүрі, асыл қасиеті – қонақжайлылық. «Құдайым, би қылмасаң да би түсетін үй қыл», – деп бабаларымыздың Жаратқан Иемізге жалбарынуы, сірә, сол себепті де шығар. Және де, халқымыздың қонақжайлылықты қатты қастерлегені соншалықты, ауылға келген бейтаныс қонақтар кез келген үйге түспей, дастарханы мол, пейілі кең, үйі таза, көргенді ұл-қызы бар үйлерге ғана қонақ болған. Оған үй иесі қатты қуанып, ақ батасын берген. Әйтеуір, қазақ халқының салт-дәстүрінде қонақ шақырмау, қонақты үйге түсірмеу – үлкен айып болып саналады.



Адамдардың арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрмет пен қамқорлықты білдіретін, үй иесінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын ұлттық салт-дәстүрімізде қонақжайлылықтың негізгі белгілері бар. Олар: адамдарды тіліне, дініне, ұлтына бөлмей, құрметпен қарсы алып, достық ықылас көрсету, адал ас-дәмін ұсыну.

Қазақ халқының қонақжайлылық қасиеті мен дәстүрі қай заманда да шетелдік саяхатшылар мен ғалымдарды қатты таң қалдырғаны тарихта жа-

зылып қалған ақиқат. Этнографтардың, көнекөз қариялардың айтуынша, дәстүрлі қазақ қоғамында әкенің балаға қалдыратын мұрасының белгілі бір бөлігі міндетті түрде қонаққа тиесілі «енші». Қасиетті қазақ даласындағы кез келген жолаушының кезіккен ауылдан тамақтанып, шөлін қандырып, тынығып алуына құдайы қонақ ретінде қақысы бар. Ал, әрбір үй қонақты ақ пейілімен қарсы алып, сыйлап, құрметтеп шығарып салуға тиісті. Бұл – қазақ даласында ежелден келе жатқан моральдық-этикалық қалып, қазақ тұрмысының айнымас шарты.

Қонақ деп кімді айтады?

Үйге келген мейманды – қонақ деп атайды. Қазақ халқының әдеп-ғұрпы бойынша үйге келген адам ішке баса көктеп кірмейді, сырттан дауыстап, үйдегілерге белгі береді. Үйге келген қонақтың міндетті түрде орындайтын ең бірінші шарты шаңыраққа сәлем беріп кіру. Түсте келген қонаққа түстік, кешке келген қонаққа қонақасы беріледі. Қонақтар жасының үлкендігі мен мәртебесіне сәйкес төрден есікке қарай орналасады. Үй иесі болмаса келген қонақ ұсынылған астан дәм татқан соң басқа, үй иесі бар отбасына барып түнейді. Қонақты үй иесінің өзі есікті ашып қарсы алады. Олар кетерде үй иесі есікті ашып, шығарып салса, бұл қонақтарды қуғандай болып саналады.

Қонақ болу үшін таныс болу шарт емес. Ерте заманнан-ақ қазақ даласында әрбір жолаушы кезіккен қазақ үйінен қонақасын – «бөлінбеген еншім» деп талап етуге ерікті болған. Халық аңызында бұл дәстүр Алаша ханның атымен тығыз байланысты: Алаша хан өзінің барлық мал-мүлкін тең етіп төртке бөледі де үш бөлігін үш баласы – Ұлы, Орта, Кіші жүзге еншілікке береді, төртінші бөлікті қонақ сыбағасы болсын деп, үшеуіне ортақ меншік ретінде қалдырады. Қонақтардың қазақ үйінен қонақасын – «бөлінбеген еншім» деп талап етуге құқылы екендігінің сыры осында жатса керек.



Қонақтың түрлері

Арнайы қонақ. Ол – әдейі шақырылған ағайын-туыс, дос-жаран, көрші-қолан, құда-құдағи, сыйлы, құрметті кісілер.

Құдайы қонақ. Бұлар – шалғай елден, алыс жерден жолаушылап жүріп, сапарында көлігі болдырып немесе жолдан адасып, шаршап, тынығу үшін қонған тосын, бөгде қонақ.

Қыдырма қонақ. Үйден-үйді, ауылдан-ауылды кезіп, ерігіп желіккен, үлкенге сәлемшіл, кішіге баташыл, әжені аялап, жеңгені паналап, ағаға жол, ініге жел бергіш, «кіріп-шық» кезбе қонақтарды осылай атайды.

Қылқыма қонақ. Ол – ауыл ішіндегі, үй аралығындағы түтіні түзу шыққан үйді торып, құлқынын тойдыру үшін қолына тигенін, аузына түскенін қылқытып жалмай беретін, ашқарақ, ар мен ұятты белге буған, тойымсыз, елеусіз қонақ.

Құтты қонақ. Қазақ халқында «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген нақыл бар. Бұл – мейман келген кезінде түскен отбасында бір жақсылық, қуаныш болатын қонақ.

Ерулікті қонақ. Қоныста отырған ауыл үстіне көшіп келген отбасын құрметтеп, ерулік асқа шақырылған қонақты осылай атайды.

Қонаққа шақыру, қонақ болу.

Қонақжайлылық, қонаққа шақыру – өзіндегі несібе, ризықпен бөлісу, қолыңнан келген құрметті, бақытты қайтарымсыз сыйлау. Бұл іс екі жақтың арасындағы татулықты нығайтады. Пейілі ақ әрі кең адамдардан ғана қонақжайлылықты күтуге болады. Қазақ «Қонақпенен бірге құт келеді» деп ойлаған, соған сенген халық. Біздің ата-бабаларымыз, әке-шешелеріміз қонаққа шақыруды да, оларды күтуді де, өздері қонаққа баруды да әрі жақсы көрген, әрі қызық, қуаныш санаған. Баяғыда бабаларымыз бір ауылға, бір үйге барғанында, қонақ күтетін отауға түспей тұрып, сыртқа қару-жарағын қалдырып, үй ішіне қамшысын ұстаған қалпы кіретін болған. Қонақтың үйге қамшысын ұстап кіруінің себебі: қамшы тұрған жерде жын-шайтан болмайды. Және қонақ таңдап қонған, оны қарсы алуға талас та туған. Қазақ қонақ құдайдан деп есептегендіктен, ақ батасын алып қалуды ырымдағаны мәлім. Өйткені, шынайы ықыласпен, үлкен ризашылық сезіммен берілген бата, ізгі тілектер періштелердің құлағына шалынады, қаласа, Алла Тағаланың ризашылығына бөленеді.

Қонақтың орыны – қашанда үйдің төрі. Қонақтар үйге сәлем беріп (шаныраққа сәлем беріп) кіргеннен кейін, қамшысы мен сырт киімін кереге басына іліп, аяқ киімін оң жақ босағаға шешіп, төрдегі жаюлы тұрған сырмақ үстіндегі көрпеге барып отыруға тиіс. Өзін таныстыруға асықпайды, үй ішіндегілер де оның аты-жөнін, жұмысын тергеп сұрамауға тиісті. Өйткені ол – көргенсіздік болып саналады. Келген қонақ аты-жөнін айтқанымен, жұмысын айтқысы келмесе, оны ешкім де жазғырмауға міндетті. Осы қонақтың үстіне сырттан тағы да қонақтар келіп қалса, жасы кішісі жасы үлкенге

ығысып орын береді. Қонақ шөлдеп келсе, оған ең әуелі қымыз ұсынылады, сосын барып шәй, ас береді. Бойжеткендер шыны аяқты салдыратпай өте әдептілікпен шай құйып береді, қонақтардың әңгімесіне араласпайды, оларға тіктеп қарамайды, орынсыз күлмейді. Мұның бәрі – ежелгі заманнан бері қонақ шақырып күткенде бұлжытпай орындалатын әдептер. Қазақтар ұлқыздарына қонақ күту әдебін жас кезінен бастап үйреткен. Оны жырға қосып үнемі айтып отыратындықтан, қонақжайлылық балаларының жас кезінен-ақ сана-сезіміне сіңіп, жүрегінен орын алған. Қазақтың осы қонақжайлылығы, қонаққа құрмет көрсетуі хақында мынандай жыр шумақтары бар:

*Сырттан келген мейманға
Сәлем беріп, қол алсаң –
Бірінші еткен құрметің.
«Түсіңіз», – деп түс беріп,
Шылбырына оралсаң –
Екінші еткен қызметің.
Есік ашып енгізіп,
Көрпе төсеп құп алсаң –*

*Үшінші еткен құрметің.
Мейман риза болмағы
Құрметпен үйге қонғаны.
Кешіктірмей шай берсең,
Ұмыт болар тоңғаны...
Ірікпесең барыңды,
Қонақжайлық сол-дағы.*

Қазақта дастархан кәдесі деген ұғымды, оның жөнін, мән-жайын білмейтін адам жоқ деуге болады. Табақ тартудың, табақ жасаудың өз жолы болады. Дастарханға қойылған тағамдардың өзінің ретімен, бір-біріне үйлесіп, жарасымды тұруының өзі өте маңызды. Құрмет дәрежесіне қарай, сыйлы қонаққа өз деңгейіне сай кәдесі ұсынылмаса, қазаққа үлкен сын болған.

Бас, жамбас, бел омыртқа, ортан жілік, асықты жілік, қабырға (сүбемен қосып) – құдаларға, үлкен зиялыларға.

Құйрық-бауыр – құдаласқанда болады.

Төс ет – күйеу балаға тартылады, құйымшақ – алыстағы қыз келгенде беріледі.

Келген қонақты дұрыс қарсы алып, дұрыс шығарып салудың өзі үй иесінің кеңпейілдігін, қонақжайлылығын, жомарттығын аңғартып отырған, қазір де солай. Бұрынғы кезбен әрине біраз дүниелер салыстыруға келмегенімен қазіргі күнде де қазақтан асқан қонақжай халық бар деуге болмас. Келген қонағын өзі кетем дегенше асты-үстіне түсіп күтіп, шығарып салудың өзі қазақ халқына тән әдеп десек те артық болмас. Қонақ күту, қонақтың сый табағына қандай мүшелер тарту – үлкен өнер дедік. Енді осы тұрғыда Майқы бидің айтқан нақыл сөздерін келтіре кетелік:

*Ексең балам, ағаш ек,
Жеті жасар бала асырамайды,
Жеті жылғы ағаш асырайды...
Қонаққа аспа жауырын,
Таңдап бергей тәуірін.
Биназ сөйле кеткенде,
Сипап жібер сауырын.
Жілік жесең біреуден,
Сақта оған жамбасты.
Басыңа іс түскенде,
Жамбастан ол танбасты
Болмаса егер албасты [27, 7-8].*

Қонаққа қандай мүше, қандай сыбаға тартуға мән беріп қана қоймай, қазақ халқы қонақты қарсы алу әдебін де жоғары қойған. Үйге келген қонақты сыртта күттіріп қою әдепсіздік саналған. Діндегі ұстазымыз Мұхаммед с.ғ.с бір хадисінде: «Үш нәрсені кешіктіруге болмайды: азан шақырылған соң намазды кешіктіруге болмайды, бойға жеткен қызды тұрмысқа беруді кешіктіруге болмайды және үйге келген қонақты қарсы алуды кешіктіруге болмайды» дейді. Ал қонақ күту әдебінің осы алтын қағидасы жыраулар поэзиясында ойып орын алған екен.

*Қонақа келсе есікке,
Жүгіре шық, кешікпе.
Қарсы алмасаң қонақты,
Кесір болар несінке.*

Не деген терең ой, әдемі сөз, астарлы тұспал. Қаза әу бастан қонақты құт, береке әкеледі деп санаған. Қонақ келген үйіне 99 несібе алып келіп, біреуін ғана жеп кетеді деген де сөз бар.

Тойға барсаң тойып бар.

Қазақ: тойға барсаң тойып бар, бар шаруаны қойып бар деп мақалдайды. Өзің тойға бара жатсаң, аста-төк тамақ алдыңнан шығатын болса тойға тойып барудың қандай қажеті бер деп ойлайсың кейде. Сөйтсек бұл сөзде бір үлкен сыр бар екен. Бұл сөз қонаққа келген адамның абыройын, ар-намысын, қадір-қасиетін сақтап қалу үшін айтылған екен. Оның себебі адамның үш жауы бар: ұйқы, күлкі, тамақ. Бұл жайлы халық даналығы:

*Жыртық үйге тамшы жау,
Шабан атқа қамшы жау,
Ұйқтамасаң қабар жау,
Ішпей жүрсең тамақ жау, -*

деп тұжырымдайды. Сондықтанда қонаққа тойып бару керек, әйтпейінше сенің жауың (тамақ), үш арсыздың (күлкі, тамақ, ұйқы) біріне кіретін тамақ сені абыройдан жұрдай қылады. Егер тойға аш келсең, аштық сені алды-артыңа қаратпай, бүкіш ынты-шынтың тамақта болып айналандағы адамдармен еш жұмысың болмайды. Ал тойда жылдап көріспеген сыйлы да құрметті кісілер болуы мүмкін. Ал сенің олармен әдеп, ізетпен сәлемдеспек түгілі, көруге де шамаң келмейді. Міне, ата-бабаларымыз адамның психо-физиологиясын өте терең білгендіктен де осындай қағидаларды дүниеге әкелген.

Келгенше қонақ ұялады.

Дана халқымыз «келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады» дейді. Қонаққа бару оңай шаруа емес, оның да өзінің парыз-қарыздары бар. Мысалы, қазақта «құр қол бармау» деген қағидат бар. егер адамның тарту-таралғысы, сыйлығы мол болса, ондай қонақ ұялмай, қысылып-қымтырылмай-ақ келеді. Ел керсінше болған жағдайда қаражаты тапшы, қалтасы бос қонақ келгенше ұялып бітеді. Ал бірақ келгеннен кейін, үйдің табалдырығын аттаған сәттен бастап бүкіл салмақ үй иесіне түседі. «Қонақ аз отырып, көп сынайды» дегендей, қонақ егер оған лайықты сый-құрмет көрсетілмесе, үй иесін жамандап, тіпті өкпелеп кетуі әбден мүмкін. Бұл енді жағдайдың ең сорақысы. Қазақ ең алдымен осыдан, яғни «күле кіріп, күңірене шыққаннан» қорқады. Ондай жағдайды болдырмауға тырысады.

*Қонақ қойдан жуас
Майқы бабамыз:
Қонақ қойдан жуас-ты,
Май берсең де жей берер.
Жекжатыңнан тай сұра,
Ең болмаса қой берер, -*

деген сыпатта артында сөз қалдырыпты [27, 8]. Бұл енді қонақтың өзінің жеке бастының әдебі. Қонақта өзін-өзі ұстай білу өнері. Абай айтпақшы «Кісі үйінде күй таңдап, / Өз үйінде қипаңдайтын» да жамандар бар. Ал шын жақсы, «ұлық болсаң, кішік бол!» қағидатымен өмір сүреді.

Келмек – сүннет, кетпек – парыз.

Қазақ: «Шақырған жерден қалма, шықырмаған жерге барма! Шақырғанда келмесең, шақырғанға зар боласың» дейді. Сондықтан шақырған жерге бару – сүннет, ал шақырылған жерден, яғни қонақтан, дер кезінде қайту – бұл парыз. Ал парыздың сүннеттен үлкен екенін мұсылмандықтан хабары бар әркім білсе керек. Өйткені «тас түскен жеріне ауыр» дегендей, үй иелерінің риясыз көңілін, шексіз көңілін, аппақ ниеті мен пейілін артығынан асырып пайдалана беруге болмайды. Қанша дегенмен қонақ күту оңай шаруа емес. «Бір күнгі қонақ – құт, екінші күнгі қонақ – жұт, үшінші күнгі қонақ – зыт!» дейді данышпан қазақ халқы. Ал шақырылмаған жерге бару,

- бұл әдепсіздікті төресі. Бұл оспадардықтың қаншалықты ауыр, жойдасыз сүйкімсіз екенін білдіру үшін жұртымыз: «Шақырылмаған жерге барғанша, казулы тұрған көрге бар» дейді.

Үйге келгенге үйдей бәлеңді айтпа.

Қазақ дүниетанымында «қонақ» ұғымы өте қастерлі ұғым. Қонақ үй иесінің табалдырығынан аттасымен оның ары, абыройы, жеке басының қауіпсіздігі, тіпті киіп келген киімі мен мініп келген атына дейін үй иесінің мойнына өтеді. Сондықтан қазақта қонаққа қатысты табу (тыйым) бар: біріншіден, сенің үйіңе келген қонақта қанша жерден ақың, өкпе-ренішін, ала алмай жүрген алашағың болса да оларды айтуға, сұрауға, құн даулауға хақың жоқ; екіншіден, қонақтың жеке басына сөз келтіруге, оның намысына тиюге тыйым салынады; үшіншіден, қонақтың киімін киюге, атын мінуге болмайды.

III тарау. **«ӨНЕР АЛДЫ – ҚЫЗЫЛ ТІЛ»**

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері – атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды керекті, келенді жерінде жаңартып кәдеге жаратады.



Адамзат тарихындағы рухани материалдық мәдениеттің дамуының негізгі құралдарының бірі шешендікке құрылған әңгімелер, аңыздар және өлеңдер жас ұрпақтың тілін ұштайды, сөздік қорын байытады, өмірге деген көзқарасын оятып, дүниетанымына жол ашады [7].

Шешендік сөздер жеке тұлғалардың ойын, тілін дамытып, тапқырлыққа, әділеттілікке тәрбиелейді.

Шешендік өнер халықтық-демократиялық қоғамдарда өсіп-өркендейді. Ақыл-ойға еркіндік шешендік өнердің дамуының алғашқы шарты болып есептеледі.

Шешендік өнер тарихы – адамзат мәдениеті тарихының бір бөлігі. Көне Грекияда риториканы «өнердің патшасы» деп есептеген.

«Риторика» – тыңдаушының ынта-зейінін аудару білу, иландырып сендіре білу өнері.

Риториканың негізі – философия, стилистика, ойшылдық.

Шешендік өнер үш қайнар бұлақтан нәр алып, сусындайды. Біріншісі, табиғи қабілет пен дарын, екіншісі, теориялық қисындармен қаруландыру, үшіншісі, тынымсыз, толассыз еңбек, жүйелі жаттығу.

Шешендік өнердің негізгі мақсаттары тыңдаушыны сендіру, оны рухани ләззатқа бөлеу, толқытып тебірену болып табылады.

Ғалым С. Негимов риториканы 5 бөлікке бөледі: 1) материал іздеп табу; 2) материалдарды орналастыру, жайғастыру; 3) сөзбен әрлеу; 4) еске сақтау; 5) айта білу шеберлігі [8].

Ойлау мен сөйлеу ғылымын, яғни сөз қуатын көне гректер даналық деп атаған.

Шешендік өнердің теориясы туралы 3 ғылыми трактат жазып қалдырған Цицерон (б.з.д. 106-43 жж.): «шешеннің тағдыры – мемлекет тағдырымен төркіндес. Адамзат баласының даналық мәйектерін толық меңгерген әрі сөздің таңғажайып қуатын өткір сезініп, даңқ тұғырына көтеріледі, көптің құрметіне бөленеді және мемлекетке бақыт әпереді, жақсылыққа кенелтеді...

Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің еске сақтау қабілеті, трагиктің даусы... болуға тиісті. Шынайы шешен, тума талант халық өмірі мен әдет-ғұрып, салт-сана дәстүрлеріне мейлінше жетік болуы керек», – деп түйіндейді.

Сонымен қатар, Цицеронның пікірінше, шешендік сөздің мазмұнын айқындау үшін үш шарт қажет: зеректік, ғылым және ынта.

«Ғылым сенің керегінді қайдан іздеп, қайдан табатыныңды көрсетіп береді. Басқасы талпыныс, ойлау, жітілік, табандылық, зейін арқылы табылады. Халықтың асыл қасиеттері, мемлекеттік шаралардың аса мәнділігі, жиналған топтың құлшыныс-зауқы шешеннің сөзіне ерекше екпін, әрлілік үстейді», – деп жазады.

Цицерон адамның есту қабілетіне, сөйлеудің тайға таңба басқандай анықтық сипатына көңіл бөледі. Адамның еске сақтау қабілеті табиғаттың сыйы деп есептейді.

Тәуке хан тұсында қабылданған «Жеті жарғы» бойынша әркім өз жогын өзі жоқтауға, өзінің әлі келмесе, жанкүйер бауырластары, одан қалса руластары қорғауға тиіс болған. Мұның өзі шешендік өнерді үйренуге, сөз бостандығының жандануына жол ашты.

Б. Адамбаев: «Шешендік өнер қай жерде сөзге бостандық, еркіндік болса, жүйелі сөзге жұртшылық, қоғам құлақ асса, міне, сол жерде, сол елде ғана дамиды. Керісінше, ақыл-ойға, сөзге-тілге қысым жасалып, шек қойылған жерде ақыл-ойдың адамдары, ең алдымен ақындар мен шешендер қорғалап сөйлей алмайды, сөз өнері тоқырайды», – деген болатын [9].

Жалпы шешендік өнердің шығуы белгілі бір қоғамдық жағдайлармен және халықтың бас қосу жиналыстарымен байланысты болғандығын қазақ шешендік өнерінің тарихы да растайды. Ердің, елдің тағдыры сөз болатын, соғыс, бітім секілді маңызды мәселелер қозғалатын бұрынғы хан кеңестері, қазіргі парламент сарайлары, сот залдары – саңлақ шешендер мен саяси қайраткерлерді қалыптастыратын орындар. Дүние жүзіне есімдері әйгілі ше-

шендердің көбінесе мемлекет қайраткерлерінен, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шығатыны да осыдан.

«Қазақ халқында ас-тойларда, мәжіліс жиылыстарда, жай қонақта көпті көрген қарттар үлгілі, өнегелі сөз айтып отыратын салт болған» (Б. Адамбаев). Бізге жеткен нақыл, өсиет сөздер осыны айғақтайды. Сол салт бойынша жастар арасында да тапқырлыққа құрылған сөз жарыстары өтіп отырған. Сөз жарысына түсу үшін халық тілінің байлығын молынан меңгеру қажеттігі туады. Сондықтан, олар халық тілінің байлығын халық ауыз әдебиетінен үйренген.

Халық ауыз әдебиеті мұраларын көп жинаған түрколог ғалым В.В. Радлов қазақ тілінің түпкі түркілік сипатын сақтап қалған тазалығын, табиғилығын, үндестік заңына бағынған әсемдігін айта келіп: «Оның үстіне қазақтың басқа бауырластарына қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған әсер етті... Қазақтар мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлесіп отырғанның өзінде сөйлеген сөздері ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласың» [10], – деген сөздері, М.П. Мелиоранскийдің: «Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі де бір ауыздан қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тіл деп куәландырып отыр» [11], – деген жүрекжарды пікірі, Н.Г. Потаниннің: «Қазақ даласы ән салып тұр. Қазақтың алты жасар баласынан алпыс жасар қартына дейін жанынан өлең шығарады. Шешендік өткір тілмен сөйлей біледі», – деген ақиқат сөздері қазақ халқында шешендік өнердің жалпылық сипат алғандығын дәлелдейді.

Олай болса, шешендік өнердің дамуына себеп болған жайттардың бірі – қазақ тілінің тазалығы, байлығы мен әуезділігі, қалың көпшіліктің сөз өнеріне деген қызығушылығы, тапқыр, ойлы, ақылды сөзге үйірлігі.

Мұндай қызығушылық, сөз өнеріне үйірлік қазақ халқында балаға жастайынан ән-күй, жыр, ертегі-аңыз әңгімелер естіп өсуіне мүмкіндік жасауы еді. Шешендік өнердің тамаша теоретигі Квинтилиан да шешенді тәрбиелеу ісінде балаға сөзді анық, сұлу айтатын ұстаз қажеттігін айтқан еді [12].



Шешендікке қойылатын талаптар

Шешен сөзі қазақ тілінде өте ертеден қолданылып келеді. Бұл сөздің мағынасы алдында шешіліп сөйлейтін түйінді мәселелерді шешіп сөйлейтін данышпан, ақылгөй, дана деген ұғымдармен өзектес. Шешен сөзі қазақ тілінде сөзшең, айтқыш, тапқыр, суырып салма, ділмар, қызыл тілге жүйрік деген сөздермен қатар қолданыла береді.

Қазіргі тіл білімінде шешен деген сөз көпмағыналы: 1) шешендік өнермен айналысатын адам; 2) жиналыста т.б. көпшілік алдында сөйлейтін адам; 3) қызыл тілді меңгерген шешен сөйлеуге қабілетті адам [13].

Жалпы, шешен дегеніміз мол білімімен, айшықты, әсем тілімен оқырмандарына әсер ететін, бір нәрсе туралы сендіріп, бір нәрсеге ұмтылдыратын, сөзге тапқыр, ойы терең, білімдар адам.

Кез келген адам шешен бола ала ма? Осы сұрақтың төңірегінде таласты пікірлер бар. Біреулер ол Алланың берген сыйы, таланты, жаратылысынан болады десе, екіншілері шешенге қажетті қасиеттерге дамытумен, тәрбиемен, көп оқумен жетуге болады дейді. Бұл бүгінгі күннің таласы емес, шешендік өнер тарихында үнемі туып отырған сұрақ. Көне Римнің мыңдаған жылдар бұрынғы әйгілі шешені және теоретигі Марк Туллий Цицерон айтқан: «Ақын болып туады, шешен болып шығады («Поэтами рождаются, ораторами делаются»)). Ұлы шешен ақындыққа талантты болып туу керек екенін, ал шешендікке көп оқып, көп ізденіп, көп сөйлеп жаттығып, күшқуат жұмсаудың қажеттігін айтты.

А.Ф. Конидің пікірінше, шешендік пен көпшілік алдында сөйлей алушылық – екі түрлі нәрсе. Шешендік, қызыл тілге жүйріктік адамның табиғатынан бар талант болса, ал көпшілікке сөйлей алушылық күнделікті сөйлеу тәжірибесінен, үздіксіз сөйлеп жаттығудан пайда болады.

Шешендік өнердің тарихына үңілсек, көне грек шешені Демосфеннің өмірі кімге де болса үлгі. Оның алғашқы сөйлеуі сәтсіз болып жүрді. Демосфен сөйлей бастағанда алғашқыда жұрттың бәрі күлді, айқайлап, наразылық білдірді, шешенді аяғына дейін сөйлеуге жеткізбеді. Демосфен зор күш-қайрат жұмсаудың арқасында замандастарының арасында табысқа жетті.

Ертедегі грек тарихшысы Плутарх «Избранные жизнеописания» деген еңбегінде Демосфеннің өз әлсіздігімен қалай күрескендігі жайында әңгімелейді: Демосфен миңгірлеп, тілін шайнап сөйлейтін кемшілігін жою үшін аузына қиыршық тастарды толтырып салып алып, ақындардан үзінділер оқыған, айқын, түсінікті етіп айтуға тырысқан; жүгіріп бара жатып немесе тауға шығып бара жатып өлеңдерді немесе ұзақ фразаларды демалмастан айтуға үйренген. Өзіне кедергі жасайтын табиғи кемшіліктерін жою үшін Демосфен жер астындағы бөлмеге қамалып, даусын жетілдіру үшін күндіз-түні жұмыс істеді. 2-3 айлап сыртқа шықпас үшін басындағы шаштың жартысын қырқып тастауға дейін барған, жұрт алдына шыққысы келсе де, бұл түрімен шыға алмаған. Мұнымен қоса кез-келген кездесуді, іскерлік әңгімені

Демосфен қызыл сөзге жеткізетін жаттығу ретінде санаған. Жалғыз қалып, болған әңгімені, естіген әңгімені қайталап айтып шығатын болған. Ол өзге әйгілі шешендерден үйренген: оларды ынтамен тыңдап, солардың сөзіндегі логикаға мән берген, сөйлеуіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді түртіп жазып отырған. Өзгелер не өзі сәтті қолданған сөздер мен сөйлемдерді есінде ұстаған да, кейін өз сөзінде қолданып отырған, бір ойды бірнеше нұсқада айтып жаттығу жасаған, жетілдірген, артығын алып тастаған, сөйтіп ең артық нұсқасын таңдаған [14]. Осы айтылғандардан Демосфеннің тумысынан шешен болмағанын, шешендікке еңбекқорлығының, табандылығының, қажырлығының арқасында жеткенін білуге болады.

Плутархтың айтуынша, қайталанбайтын өзгеше білімдар жан-жақты және әбден төселген майталман шешен Цицерон болған. Ол жасынан талантты болған: философиялық еңбектерді көп оқыған, ақын болған. Бастауыш мектепті бітірісімен Цицерон шешендігімен римдіктерді таң қалдырған академик Филонды тыңдаған. Өзінің тума таланты мен еңбекқорлығының арқасында замандастарының арасында зор беделге ие болған. Цицерон б.ғ. дейінгі II ғасырда Римде ашылған шешендік өнер мектебінде сабақ берді, ол мектепке жастар қатты ұмтылды. Бірақ ол мектепке кез келгеннің қолы жетпеді, себебі ол үшін грек тілін өте жақсы білу керек болды және шешендердің сабағы арзанға түспеді.

Гректердің шешендік мектебіне кейін үкімет басына бара алатын аристократтардың балалары ғана оқи алды, үкімет бұл шешендік мектепке қатты көңіл бөлді. Цицерон осы мектепте болашақ жеткіншектерге ғылымның барлық түрлерін зор құлшыныспен бойына сіңдірген. Балалардың әкелері оны өз көзімен көріп, тыңдау үшін сабаққа қатысқан, көшеде оған жол берген, құрметті орынға отырғызған [15].

Ұлы шешендердің өмірінен байқағанымыздай, шешен аса білімдар, көп оқыған, әдебиет, тарих, өнер, әр түрлі ғылым және техника салаларынан жетік білетін адам болуы керек. Сонымен қатар шешеннің жеке басының ерекшеліктері де маңызды рөл атқарады. «Шешендер туралы» атты еңбегінде Цицерон шешеннің үш түрі бар екендігін айтады:

1) айтылмақ ойын қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, «салқынқандылықпен» ұсынатын шешен;

2) аудиторияның сезіміне әсер етуді мақсат етіп, белгілі бір ассоциациялар тудыратын көркемдеуіш-бейнелеуші элементтерді көбірек пайдаланатын қызуқанды шешен;

3) ретіне қарай жоғарыдағы екі стильдің де элементтерін шебер қолданатын шешен [16].

Шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Ол не айтатынын, қай жерде айтатынын және қалай айтатынын жете түсінуге тиісті.

Шешен сөйлеуге дайындық

*Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қиын емес,
Соңыңа ерген елің болса.
Бәрінен де сөз бастау қиын
Тауып айтсаң, мереке қылады,
Таппай айтсаң, келеке қылады.*

Досбол шешен

Көпшілік алдында сөйлеуге дайындықтағы басты талаптардың бірі – өз-өзіне сенімділік қалыптастыру. Себебі, сөйлер алдында шешен көп жағдайда қатты толқиды, тіпті тыңдаушылармен кездесуден қорқады, өзіне-өзі сенімсіздік білдіреді.

Неміс зерттеушісі Отто Эрнсттің «Сізге сөз берілді» деген еңбегінде көпшілік алдындағы қорқыныштың себептерін көрсетіп, одан құтылудың жолдарын ұсынады.

Оның пікірінше, қорқыныштың себебі – шектен тыс ойлап қайғыру. Мұндай жағдайда сөздің мазмұнына көңіл аударып, іс жайында ғана ойлауды ұсынады. Көпшілік жағдайда шешен өзінің мүмкіндіктеріне сенбейді, сондықтан шешен сөйлеуге жақсы дайындалғанын, тыңдаушыларға маңызды және пайдалы нәрселер айтатынына өзін өзі сендіру керек дейді. Тәжірибесі жоқтықтан қорқатындарға мүмкіндік туған сәттердің бәрінде сөз сұрап, сөйлеп жаттығу керектігін айтады [17].

Бір сөзбен айтқанда, шешенге психологиялық дайындық керек. Сөйлеуші өзінің көңіл-күйі мен сезімін билей алуы қажет.

Шешендікке қойылатын талаптардың бірі – тіл тазалығы, тіл анықтығы. Тіл тазалығы тілді терең және саналы оқып үйрену барысында жетіліп шыңдалады. Бұған ана тілін құрметтейтін қоғам мен отбасы мүшелері, сондай-ақ бұрынғы өткен шешендер мен ақындардың шығармашылықтары үлкен ықпал ететіні сөзсіз. Шешен болу үшін ұлттық әдебиеттің қазынасын егжей-тегжейлі білу – басты шарт.

Орыстың әйгілі ғалымы М.В. Ломоносов (1711-1765 жж.) «Шешендік дегеніміз ғылым» атты еңбегінде шешендіктің рухани қабілетпен, ғылыммен, авторларға еліктеумен, шығармашылыққа бейімделумен, басқа ғылымдарды меңгерумен және айқын, күшті дауыс, мықты рух, кең кеуде тәрізді табиғи ерекшеліктермен біртұтас екендігін баяндайды [18].

Шешеннің сөзі тыңдаушылардың сезіміне әсер дарытуы қажет. Сондықтан, шешеннің аузынан жиі қайталанатын сөздер кездеспегені жөн. Лириканы аз-кем пайдаланғаны дұрыс. Тыңдаушылардың назарын аудару үшін: 1) қысқалық, 2) ширақ сөйлеу, 3) көңілді сергітетін қысқа қайырым-шегіністер

болса, нұр үстіне нұр. Сөз сөйлеушінің түйдекті ойлары бір-бірінен туындап, өрбіп, дамып отыруы жарасымды құбылыс. Баяндаманың түйіндемесі – барлық айтқандарыңның қорытындысы. Бұдан кейін бірдеңе айту мүмкін еместей болу керек [19].

Шешеннің басты парызы – тыңдаушыларды ортақ пікірге ұйыту, ортақ келісімге келтіру.

Шешен қандай күрделі жағдайда болмасын (оқыстан қойылған сауалдарға, репликаларға) іштей қобалжығанымен, тапқырлық, ұтқырлық, икемділік танытып, қиындықтан қиялап шығып кетуі тиіс. Ой-пікірін сәтті сабақтастыруға шебер, аудиторияның ерік-жігеріне, ішкі серпілісіне (реакциясына) шапшаң, жанды жауап беруге төселу қажет.

Сонымен, шешен тыңдаушыларға әр түрлі жолмен әсер ете алады. Кейбір шешендер тыңдаушыларын дауыс күшімен, айқындылықпен, ойдың тереңдігімен, дәлелдеу шеберлігімен, ойлау логикасымен баурайды, кейбіреулер өзгеде жоқ эмоционалдылық, экспрессивтік қасиеттермен, образды, көркем сөйлеуімен ерекшеленеді.

Әйтсе де әрбір сөйлеу әрі логикалы, әрі эмоционалды болуы қажет. Егер шешен қызықсыз, ойсыз әңгімені жоғары эмоциямен, көтеріңкі пафоспен сөйлесе, тыңдаушылардың ашуын туғызады. Әуелгі кезде тыңдаушыларының назарын өзіне аударуы мүмкін, кейін тыңдаушылары мазмұнында іліп аларлық ешнәрсе болмағандықтан теріс айналады.

Керісінше, шешен мазмұнды, логикалы сөзді ешбір қызығушылықсыз, эмоциясыз, бірдей үнмен баяндаса, тыңдаушыларын жалықтырады.

Шешен сөйлеу сыры

Ғалым Серік Негимов шешендік өнерді мынадай түрлерге жіктейді:

1. Саяси тақырыпта сөйлеу.
2. Салтанатты мәслихатта сөйлеу.
3. Сотта сөйлеу.

Саяси тақырыптағы шешендік, алдымен, тыңдаушыларды сендіруге ұмтылады. Салтанатты жиындағы шешендік тыңдаушылардың көңілінен шығуға әрекет жасайды. Алдыңғысына тегеурінді күш, соңғысына әсемдік тән.

Шынайы шешен салтанатты жиында жақсылық пен жамандықты, сотта әділеттілік пен әділетсіздікті, халық кеңесінде пайдалы мен пайдасыздықты негізге алады [20].

Сонымен қатар, ғалым шешен сөздің негізгі жанрлық түрлеріне 1) лекцияны, 2) баяндаманы және 3) жарыс сөзді жатқызады.



Шешен сөздердің бұл түрлеріне ортақ сипат – басты нысана – тыңдаушының дүниетанымын тереңдету, философиялық-эстетикалық көзқарасын қалыптастыру, қиял өрісін, ұғым-түсінігін кеңейту, пайым-парасатын, ақыл-ойын жетілдіру, ұстамдылық, мейірімділік, әділдік, батылдық қасиеттерін дарыту, тіл ұстарту, білім беру болып табылады.

Жалпы, әлеумет алдында сөз сөйлеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Себебі, тыңдаушылардың әлеуметтік құрамын, білім деңгейін, жас мөлшерін, кәсіби мамандық өзгешеліктерін қатаң ескеру қажет. Қандай тақырыпта сөз қозғамасын, шешен үшін тыңдаушылар мүлде бейтаныс болғандықтан бұл жағдай оның сөз саптаудағы айрықша алғырлығын, алабөтен шеберлігін, сұңғыла қабілетін қажет етеді.

Халық алдында сөз сөйлеу үлкен дайындықты қажет ететіні белгілі.

Айтулы шешендер импровизациялық дәстүрге сүйенгенімен, шын мәнісінде, олардың ұшан-теңіз білімі мен мол жинақталған тәжірибесі, бұрынғы етене таныс дүниелерге ой жарығын түсіре білу қабілеті, оған қоса орындау, айта білу шеберлігі тосыннан болса да жүйріктік танытары хақ.

Қазақтың би-шешендері қалам ұстап, қағазға жазбаған. Сонда да оқыста, табан астында сөйлегенде ойға, пікірге іркіліп, шабысынан танбаған, сөзінен жаңылмаған. Шежіре өрген сырларға үңілсек, «Төле тауып айтады, Қазыбек қазып айтады, Әйтеке жарып айтады» деген тағылымды тәмсіл бар [21].

Шешен баяндама жасағанда мыналарды қаперге алған орынды:

1. Материал жинау, жүйелей білу, көздеген мақсат-нысанаға ыңғайластыра, сәйкестендіре алу, композицияның, логика мен психологияның заңдарына, ауызша сөйлеу мен аудиторияның ерекшеліктеріне үйлестіру.

2. Сөзді дауыстап айта білу өнерін меңгеру, мінбеде өзінді-өзің билеу ережесін қатаң сақтау, аудиторияның тілек-қалауын қабылдау, ескеру.

3. Шешендік өнердің қыры мен сырын мүлтіксіз меңгеру (дауыс, интонация, кимыл-қозғалыс, сөйлеу мәдениетінің бүкіл талаптарын бұлжытпастан сақтау).

4. Аудиторияның тұтқиылдан қойылған сұрақтарына тапқыр жауап беру, білім-ғылым бәсеке-таласын ұйымдастыра білу.

Белгілі орыс ғалымы В.Г. Белинский шешендіктің сипат-белгілері, даралық қасиеттері туралы былай дейді: «Бір шешен топты жойқын, буырқанған шабытымен билеп-төстейді, екіншісі жатық, әсем жеткізу шеберлігімен, үшіншісі – әзіл-оспақ, күлдіргі, айтқыштық талантымен, төртіншісі – желілі, сабақтас, анық баяндауымен баурайды» [22].

Қазақы шешендіктің қалыптасу тарихы.

Қазақ халқының шешендігі әскери-демократиялық қағидаттарға құрылған көшпенді өмірдің биік сұранысынан туындайды. Қазақ сөзінің этимологиялық нұсқаларының бірі – «еркін өмір сүруші», «шекараға қоныс аударушы» деген мағыналарды береді. Сондықтан болар «қазақ» этнонимы

– еркіндік, теңдік, азаттық деген ұғымдармен сәйкес келеді. Әрбірден соң «қазақ» этнонимы белгілі бір нақты атаудан туындамайды, «қазақ» этнонимы белгілі бір өмір сүру салтын, өмір сүру ережесін білдіреді. Атап айтқанда «қазақ» этнонимы тең дәрежелі еркін өмір сүруші азаматтар қауымдастығы десе де болады. Бүгінгі біздің қызығып жүрген американдық «ашық қоғам» идеясы ең алдымен қазаққа тиесілі болғанын еш ұмытпауымыз керек. Қазақ болғысы келген, яғни еркін де азат өмір сүрген кез келген адам немесе ру қазақ халқының рулық жүйесіне кіріге алатын болған. Ол кірігуді рәміздік түрде ет асып, қазан көтеріп кіретін адамға асықты жілік ұстату үрдісі арқылы жүзеге асқан. Осы себептен, тағы да қайталап айтамыз, әскери-демократиялық қағидаларға құрылған еркін адамдар қауымдастығында «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» , «сөйлемесем сөзім өледі, сөйлесем өзім өлемін», «сөзім өлгенше, өзім өлейін» деген принциптер пайда болған. Егер грек-рим мәдениетінде шешендікке, риторикаға үйрететін арнайы ұстаздар (софистер) болса, қазақ даласында ондай арнай мектептің болғанын байқаймаймыз. Көшпелі тұрмысы жағдайында ондай мектептің болуы да мүмкін емес еді. Бірақ соған қарамастан көшпелі қауымның өзіне тән, төлтума шешендік мектебі болғанын білеміз. Бұл мектеп - кішкентайынан көзге түскен баланың сол ортаның өзінде тәрбиелене бастауы. Қазақ қауымының өзіндік ортасы – шешендікке тәрбиелеудің асыл үлгісі, таптырмайтын қазынасы десе де болады. Қазақы ортада шешендікке тәрбиелеудің бірінші сатысы – ол әрине отбасы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп мақалдайтын қазақ, балаға алғашқы тәрбиені осы асыл да қымбат орта – отбасында алады. Баланы шешендікке баулитын әлбетте, ең бірінші оның анасы. Қазақтың кемеңгер жазушысы Мұхтар Әуезов өзінің «Адамдық негізі – әйел» атты еңбегінде бұл мәселе жөнінде былай дейді: «Әуелі адам баласының келешектегі адамшылығына ірге болатын істі сол адамның ортасы бір сурет жасап беріп, соған өзі киген тонын кигізеді. Сонан кейінгі ол адамның өмір жолында көретін жақсы, жаман үлгісінің бәрі жамау, иә бояу болады. Жә, сол адамшылығымызға үлгі салатын ортаның көп түрлі-түрлі істерінің ішіндегі бізге ең әсерлісі қайсы?

Бұл туралы және сол білгіштердің шешуі мынау: адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды дейді. Бұған қарағанда біздің ой буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде ең әуелі елжіреп сүйетін кісі кім? Ол анамыз... Бұлай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай ғалым болсын, қой сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Бұлай болағанда өмірінде әділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың харекеті үй іші мен от басынан, ғайбат-өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті қамқор жан тууы мүмкін бе?» [23, 47]. Міне бізге жеткен қымбат жәдігер осылай сөйлейді. Әрине, отбасындағы шешендік өнердің алғышарттарының қалыптасуына әкенің атқаратын қыз-

стационарда емес, қоян-қолтық өмірде бала ұстазынан сабақ алады. Бұл тәрбиенің бір нұсқасын біз Абайдың әкесі Құнанбайдан көре аламыз. Құнанбай Абайды оқудан қайтарып алғаннан кейін, оны ылғи өз жұмыстарымен сол кездің не бір белгілі би, шешендеріне жұмсайды. Олардың қасында болып, сауалына жауап, жауабына шешім тауып қайтады. Және сол жауаптардың шешімін өзі ойлап, астарлы да бейнелі сөздің күрмеуін шешіп, жұмбағын тауып келеді. Міне, сөйте-сөйте Абай ақылды да кемеңгер әкенің арқасында үш жүзге аты мәлім би, шешен болып қалыптасты.

Шешендік мектептің үшінші кезеңі – қалыптасып қалған бал шешеннің айтулы да даңқты шешендерден бата алуы. Осы салада жетістікке жеткен, ел алып, жұрт меңгерген шешеннен алған бата, осы күнгі тілмен айтқанда, диплом, сертификат еді. Батаның біз екі түрін білеміз: біріншісі – жас талапкердің шешенді өзі іздеп барып, бата сұрауы; не керісінше, шешеннің жас талапкерді өзі іздеп келіп батасын беруі. Екіншісі – қоян-қолтық шешендік сайыста жас талапкер көзге түсіп, назарға алынуының нәтижесінде берілетін бата. Енді осы асыл үлгілерге тоқталып өтейік. Бірінші үлгі - талапкердің шешенді өзі іздеп баруы: «Жәнібек батыр бала күнінде ақыл-білім үйрену үшін Қаракерей Соқыр Абыз дегенді іздеп келген екен. Сәлем беріп кіріп келсе, қартықтан екі жағын жібекпен таңып отырған адам екен, Жәнібекті көріп:

– Сен қай ұлсың? – деді.

– Қошқар ұлымын.

– Қошқардың адам иісті бір ұлы бар деп еді, сол боларсың ба? – деді.

– Болармыз.

– Балам, не жұмысың бар, бұ жақта неғып жүрсің? – деді.

– Осы жақта қарт атамыз бар дегенге, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл-білім алайын деп жүр едім.

– А-а-а!!! Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің! Сөз бастап, би болайын деген ұл екенсің. Алдына келсе, әділдігіңді аяма – аймағың кетпес алдыңнан; қол бастап, жол алайын деген ұл екенсің, жолдастың мыңын алама, бірін ал – мың кісіге бір кісі олжа салатұғын, олжаңды аямасаң, жолдасың қалмас жаныңнан. Жүз жиырма алтыға келіп отырмын. Жас күнінде қалың бер де қатын ал, жігіттің хан болатын, қыздың ханым болатын уақыты сол. Қартайған соң өкінбе, ұлым! Қару жисаң мылтық жи, жаяу жүрсең – таяғың, қарның ашса тамағың.

Мұнан шығып, Кіші жүзде тоқсанға келіп отырған Тайған деген биге келеді. Келсе, бидің елі көш екен, көш үстінде кез болып сәлем беріп, ат үстінен көріседі. Мұнысын жақтырмай бұл би де сұрайды:

– Жаным, қай ұлсың?

– Қошқарұлымын.

– Ұлым, неғып жүрсің?

Жәнібек оған да айтады:

– Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге, жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл сұрамақшы едім, – деп.

– Е-е! – деді би. – Азуы алты қарыс Арғынның Қошқарұлы Жәнібегі, Алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десейші.

Жәнібек:

– Мен сөз сұрайын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой, - деп атының басын бұрып алып жүріп кетеді.

Анадай жер барғанда, би:

– Әй, Жәнібек! – деп шақырды. Жәнібек артына қарайды. Сонда би:

– Атыңның басын бұрама, солай тұр, жүзім кішілігінен бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым, өгізді өрге салма – қанатың талар, жаманға жүзің салма – сағың сынар, – депті [25, 346-347].

Міне, шешендік өнерге баулудағы батаның алатын орны осындай болса керек.

Шешендіктің анасы – шындық.

Қазақ даласындағы шешендік жәйдан-жәй, еріккеннің ермегі, қол бостағы көңіл көтерер жеңіл әңгіме ретінде емес, қоғамдық өмірдің сұранысынан пайда болғанын көреміз. Шешендік билер сотының басты қаруы, ел ішінде дау-дамайдың, жанжал-керістің, әртүрлі түсінбеушіліктен туындайтын өкпе-араздықтың шешілер түйіні осы шешендікке байланысты болатын. Сондықтан да Шал ақын айтпақшы:

Байлауы жоқ шешеннен

Үндемеген есті артық,

Бәйге алмаған жүйріктен

Белі жуан бесті артық [24, 180].

Байлам жасай білу – үлкен өнер. Ол алғыр ақылды, сезімтал жүректі, қайтпас қайсарлықты, турашылдықты, әділетті талап етеді. Бұлай болмаған жағдайда даугердің сағы сынып, қиянаттың мерейі үстем болары сөзсіз. Осындай жағдайда екі даугердің тағдырын шешетін шешеннен қылдан таймай, қақ жарып ақиқатын айту талап етіледі. Егер олай болмаған жағдайда би имансыз деп есептелген. Бұл жерде иман әлбетте құдайға деген сенім мағынасында емес, ұят мағынасында қолданылып тұр. Содан да болар «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағидаттың дүниегі келуі. Бұл принциптердің шығу тегін үңілсек, оның арғы жағы дінде жатқанын көреміз. «Кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты жоқ, ұяты жоқ адамның – иманы жоқ» деген хадис сөзімізге дәлел бола алады. Тоқ етерін айтқанда, кара қылды қақ жарып, қасқайып тұрып әділетін айтқан адам ғана халықтың ықыласына, қошеметіне бөленері сөзсіз. Бұл жайында Ақтамберді жырау:

*Сары аязда қата ма,
Қайнардың аққан тұнығы,
Қап түбінде жата ма,
Болаттың асыл сынығы,
Халқы тозып кем болмас,
Әділ болса ұлығы.
Рақымсыз жақыннан
Халқы қатты түңілер,*

*Сырқат болсаң жат жерде
Жаныңда кім бөгелер.
Әділ туған жақсыға
Екі даугер жүгінсе,
Тізесін қисық бұрмаса,
Асылдығы білінер, -
дейді [24, 93].*

Шешен – сөзінен сынады.

Даналықтың сарқылмас бұлағы қазақтың тілі, сөзі. Сол сөздің қатығы, мәйегі іспеттес қазақ мақалы: «Ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады» дейді. Ендеше, «андамай сөйлеген ауырмай өледі» дегендей, шешендік әсте қалай болса солай көпіріп сөйлеу беру емес, әр сөзінді андап сөйлеу, байқап сөйлеу. Олай болмаған жағдайда абыройынан айрылып, барған жеріне жедің үстімен барып, қайтқанда жердің астымен қайтарың айдан анық, күнен жарық. Шешендік көп адам ойлағандай көп сөйлеу емес, керісінше ортада тілінді буып, тежеп, ойланып сөйлеу өнері болып табылады. Осы ойды дәл де ұтымды жеткізе білген Шал ақын былай дейді:

*Ойласаң мың бір пәле тілден туған,
Шешендер топ ішінде тілін бұған,
Бір адам қателікпен сөз сөйлесе,
Жабылып мың бір пәле соны қуған [24, 149].*

«Басқа бәле қайдан? – Басқа бәле тілден» деп қысқа да нұсқа ой түйген қазақ халқы қашанда шешендіктің баста шарты – аузыңды бағып, қашан, қалай және қай жерде сөйлеу керектігіне баса назар аударған.

Тыңдалмаса сөз жетім

Шешендіктің тағы бір шарты – сөзінді тыңдата білу. Өйткені шешеннің ашылуы тыңдаушыға тікелей байланысты. Тыңдаушының өресі биік, өрісі кең болған сайын айтушы да ашыла түседі. Осы мәселені жетік меңгерген қазақ халқы:

*Сөзді айтыл ұққанға,
Жанды жанға сұққанға.
Айтып, айтпай немене,
Мақтамен құлағын тыққанға?! -*

деп мақалдайды. Және бір мақал бар: «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, ұқпа құлаққа айтсаң, ұғып кетер» - деген [26, 23]. Бұдан мағлұм болды: сөздің де өзінің тыңдаушысы бар екендігі. Енді шешендіктің тағы бір шарты: қашан,

қалай және қай жерде сөйлейміз? деген сауалға жауап іздеп көрелік. Жауапты Бөлтiрiк шешен бередi. Бұл мәселе төңiрегiнде ол кiсi былай деп артына нақыл сөз қалдырған екен:

*Жатқа сөйлеме,
Жаманға сөйлеме,
Асырып сөйлеме,
Батырып сөйлеме,
Жасқа сөйлеме,
Масқа сөйлеме,
Ұрыға сөйлеме,
Қарыға сөйлеме,
Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс,
Жаманға айтқан сөзден,
Жақсыға айтқан сөз дұрыс.
Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс.*

*Ойсызға айтқан сөзден,
Ойлыға айтқан сөз дұрыс.
Айтылмай қалған сөзден,
Айтылып қалған сөз дұрыс.
Сөйлемес жердi бiлсең,
Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды бiлсең,
Бәрiнен де сол дұрыс,
Олай болмаған жерде
Қанша асыл деме –
Сөзiңнiң алды бұрыс,
Арты – ұрыс [27, 41-42].*

Айтушы мен тыңдаушының толық үйлесiмге жетуi – бұл шешендiк өнердiң идеалы болып саналады. «Айтушы судай төгiлген, тыңдаушы бордай езiлген» - мiне шешендiктiң шыңы. Әрбiр сөз саптаушы осыны мiндеттi түрде ескеруi керек.



Сөйлей, сөйлей шешен боласың...

Шешендiк жүре болатын өнер. «Халық айтса, қалып айтпайды» дегендей, туған халқымыз бұл хақында былай дейдi:

*Сөйлей, сөйлей шешен боласың,
Көре, көре көсем боласың.
Баулыса батыр боласың.*

Бұдан ұққанымыз – шешендік кәсіби – жүре келе пайда болатын өнер. Оның шарты – сөйлеу, және бос, көпіріп сөйлей беру емес, орнын тауып жүйелі сөз сөйлеу. Бұл хақында тағы да жұртымыз: «Ақын туа болады, шешен жүре болады» дейді. Егер біз шешендіктің осы алтын қағидасын, яғни орнымен сөйлеу ережесін» ескермесек рухани кеселдерге ұшырайды екенбіз. Ол рухани кеселдердің атауы қырт, мылжың, езген. Сондықтан осы рухани кеселдердің қайсысы ауырлау деген мәселеде халқымыз: «Қыртты езген жеңеді, езгенді құдайдан безген жеңеді» деп ой қорытады. Қорыта айтқанда, болашақ шешендік өнерді меңгеріп, «ел бастап, жұрт алайын, сөз бастап, би болайын» деген жас жеткіншектер осы қағидаларды ескерсе ғана шешендік өнердің шыңына шықпақ.

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҰСЫНЫМДАР

1. Жастардың бойына ұлттық болмыс қасиеттерін сіңіруге бағытталған арнайы кештер ұйымдастыру;
2. Білім ордаларында театр үйірмелерін ұйымдастыру және ұлттық классикалық қойылымдарды ұсыну;
3. Шешендік өнер үйірмелерін ашып, оқушылар арасында ұлттық болмыс тақырыбында пікірсайыстар ұйымдастыру;
4. Сыныптан тыс жұмыстарда ұлттық салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға қатысты тақырыптарда түсірілген фильмдерді ата-аналармен бірге тамашалау.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

Атақты шешен Сократ ғылыми трактат жазып қалдырмаған. Оның философиялық ой-тұжырымдары Аристотель мен Платон еңбектерінде көрініс тапқан.

Сократ хакім даналық меруерттерін көшеде, алаңда жиын топқа сөйлеп, айтып отырған. Ойы нық, ұтымды, тілі тамылжыған жүйелі, біздей қадалатын улы кекесінмен ерекшеленген. Сократтың тұжырымдауынша, философия ғылымы – адамдардың өз болмысын жан-жақты қырларымен, қасиеттерімен танып білуге үйретеді.

Сократтың тәсілі – асқан шеберлікпен табылған сұрақ-жауап арқылы қисынды әңгіме-дүкен құру, сөйтіп, күрделі, ғибратты ойлар өрбіту.

Софистер шешендік өнерді меңгеру үшін мынадай амал-тәсілдерге иек арту керектігін түсіндіреді. Олар: 1) сөз аса ұзақ та, тым келте де болмау керек; 2) шендестіру мен сөз соңдарының дыбыстас үйлесуі; 3) ойдың ықшамдығы; 4) сөйлеу ырғағы; 5) шешендік лексика.

Қонақжайлылығымен тәнті еткен қазақ халқы осы қонаққа қатысты, қонақты күтудің сауабына қатысты көптеген ырым, наным-сенімдерді ұстанғанын төменде берілген ырымдардан байқауға болады:

* Қонақ болып барған үйінде қызды төрге отырғызады. Себебі, «қызда қырық көліктік бақыт бар». Төрде отырса ол бақыттың жұғыны қыз отырған төрде қалады. «Қызда қырық қырсық та бар». Босағада отырса, сол қырсық сол үйде қалады. «Қызда оттай ыстық мейір бар». Төрде отырса, сол мейір сол үйге бағышталады. «Қызда мұздай суық ызғар да бар». Есік жақта отырса, сол ызғар сол үйді шалады. «Қызда қырық періште бар». Төрде отырса, сол періштелер сол үйге қонады. «Қызда қырық сайтан да бар». Есік жақта отырса, сайтандар сол үйде қалады.

* Жолаушылап келе жатқан адам бір үйге сусын ішуге түспек болса, сол үйдің есігіне тура беттеп келіп аттан түспейді. Оң жағынан түседі, әрі үйді айналмайды. Себебі, жау үйінің жай-күйіне қарамайды, өлімнің суық хабарын естірткелі келген адам да күй таңдамай үйге кіреді. Сондықтан, жолаушының жүрісі жаман ырымға ұқсамасын дегені. Дос, туыстар оң жол, оң тілеумен оң жақтан келіп, оң аяқпен үйге кіреді.

* Қыдырып, қонаққа келген жас баланы үйден құр қол шығармайды. Өйткені, сәбидің меселі қайтпасын, көңілі қалмасын, жүрегі суымасын, келер бақытының беті қайтпасын, үйде оттай ыстық ықыласы қалсын деп ырымдаған. Егер, сәби суық рай көріп, кейіген кейіппен шығып кетсе, бұл шаңырақтан бақ, төрден бақыт, дәннен ырыс кетеді деп ырымдалады.

* Үйде отырған қонақты саусақпен санамайды. Оның ішінде ақ сақалды қариялардың да отыруы мүмкін. Малды, қолға түскен тұтқынды ғана саусақты шошайтып санайды.

* Үлкен тойда, аста немесе салтанатты мереке-мейрамда сыйлы қонаққа көк қасқа тай, ақ сары бас қой, атан түйе, дөнен өгіз сойылады. Сонда барлық тілек қабыл болып, зор бақыт қонады деп сеніп, ырымдалады.

* Қазақ үйіне қонған қонақты ырымдайды. Қонақ қонған түні мал төлдесе, құйрық асып, қонақты сыйлайды. Әрі киіт кигізіп, «Ақ жолтай қонақ» деп шығарып салады.

* Дастархан оң бетімен жайылады. Дастархан қос қабатталған болса, қонақ келгенде оның тұйық жағын қонаққа қаратып, оң бетін келтіріп жаяды. Мұны «дастархан оң болмай, ісінде жол болмайды» деп ырымдайды. Дастархан – береке-бірліктің, тірліктің бейнесі ретінде қастерленеді.

* Қонақ келгенде есікті үй иесінің өзі ашады. Ал қонақ шығарда есікті үй иесі ашпайды, қонақтың өзі ашып шығады. Қонақ үйге келгенде құт бірге кіреді деп жориды. Қонақ кетерде үй иесі есік ашып берсе, құт та әлгі кісімен ілесіп кетеді деп ырымдалады.

* Қонақтың пышағы немесе бәкісі дастарханмен бірге жиналып кетсе, қайтарып берілмейді. Қонақ ет турағанда пышағын өзі сүртіп қынына салып алуы керек. Егер дастарханмен бірге жиналып кетсе, қонақ үндемейді, пышағын сұрамайды. Сұраса «Қырық пышақ боп өштеседі» деп жориды.

* Ұзақ жолдың азабын тартып келген жолаушыны жаңа босанған әйелдің үстіне кіргізбейді. Ол өте жақын туыс болса ғана біраз демалғаннан кейін беті-қолын жуып, сыртқы киімдерін шешіп, жеңілденгеннен соң барып кіруге тиіс. Өйткені, жол азабын тартқан адамның түсі сұсты, қабағы қатыңқы болады. Өмір есігін жаңа ашып, көзі мөлдіреп жатқан сәби мен сүйек-сүйегі босап, әлсіреп жатқан ана шошып қалмасын, секемденбесін, сырттан кірген қонаққа ілесіп келіп, жын жабыспасын деп ырымдаған.

* Қазақта кетік, жырық ыдыспен қонаққа ас бермейді. Себебі, ыдыстың кетігінен сайтан қосарлана ас ішеді, қонақ қорланады, қонақтың жебеуші иесі шамданып, кәрін төгеді деп ырымдайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Саналы азамат, ұлттық тұлға болып қалыптасуда жан тәрбиесі мен тән тәрбиесі маңызды орын алады. Жеке тұлға тәрбиесіндегі негізгі факторлар – отбасы мен білім ордасындағы оқу-тәрбие жұмысы, сондықтан оның процестерін қазақтың ұлттық санасын қалыптастыру негізінде ұйымдастырудың мәні өте зор.

Қазақ халқының сандаған ғасырлардан жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәрбиелік ой-парасат мұрасы өте мол. Өйткені, тәрбие – өмірдің өзекті мәселесі. Бүгінгі ұрпақ бұрынғылардың салған ізімен жүріп, ақыл-кеңесіне құлақ асса, өнегесін ойына дарытса, саналы, адамгершілігі зор азамат болып ержетіп, өмірден өз орнын табары хақ.

Қысқаша айтқанда, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Әдістемелік құрал иллюстрациялармен безендірілді (материалдар ашық қолжетімді интернет дереккөздерінен алынды).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Табылды А.* Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі. Алматы: Білім. 2004. 68-б.
2. *Мұстафин Ф.* Жақсы дәстүр жайында. // <http://el.kz/3466>
3. Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері): оқу құралы. Құрастырушылар: *Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Якупова А.Н., Сейсенбаева Ж.А., Аганина Қ.Ж.* - Алматы, 2011. 24-31 б.
4. Сонда, 21-22 б.
5. Сонда, 3-б.
6. *Табылды А.* Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі. Алматы: Білім. 2004. 16-б.
7. *Қилыбаева Г.К., Макишева Г.К.* Шешендік сөздердің ерекшеліктері және оны оқытудың тиімділігі // Вестник КАСУ, 2005. №1. стр.107.
8. *Негимов С.* Шешендік өнер. Алматы; Ана тілі. 1997. 6-бет.
9. *Адамбаев Б.* Халық даналығы. Алматы: Рауан. 1996. 148-бет.
10. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских племен, казахские наречия. ч.III. СПб., 1870. стр.17.
11. *Мелиоранский М.П.* Сказание текста рукописи Едиге. СПб., 1905. стр.86.
12. *Қосымова Г.* Қазақ шешендік өнерінің негіздері. Алматы: Білім. 2003. 215-бет.
13. Сонда, 216-бет.
14. Плутарх. Избранные жизнеописания. Москва. 1987. стр.500-503.
15. Там же, стр.520-524.
16. *Қосымова Г.* Қазақ шешендік өнерінің негіздері. Алматы: Білім. 2003. 218-бет.
17. *Введенская Л.А., Павлова Л.Г.* Культура и искусство речи. Ростов-на-Дону. Феникс, 1996. стр.242.
18. *Ломоносов М.В.* Полное собрание сочинений. Том 7. Труды по филологии 1739-1758 гг. Издательство Академии наук СССР: М.; Л., 1952. 997 с.
19. *Негимов С.* Шешендік өнер. - Алматы: Ана тілі, 1997. 16-б.
20. Сонда, 6-б.
21. Сонда, 116-б.
22. Сонда, 35-б.
23. *Әуезов М.* Шығармаларының елу томдық жинағы. - Алматы: Ғылым, 1997. - 472 б.
24. *Мағауин М.* Алдаспан. Көне қазақ поэзисының онтологиясы. XV–XVIII ғасырлар. - Алматы: Атамұра. - 2006. - 312 бет.
25. *Байтұрсынов А.* Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. - Алматы: Жалын. - 1991. - 464 б.
26. *Мәшіһүр Жүсіп Көпейұлы.* Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. - 2007. - 418 бет.
27. Қара қылды қақ жарған: (Билер мен шешендер сөздері) *Құрастырған І. Есхожин.* – Алматы: Қайнар. - 1995. - 256 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
<i>I тарау.</i> «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет».....	4
<i>II тарау.</i> «Қырықтың бірі қыдыр».....	13
<i>III тарау.</i> «Өнер алды – қызыл тіл».....	21
ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР.....	36
ҚОРЫТЫНДЫ.....	38
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	39

Басуға 27.11.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Физ. б. т. 5.
Шартты б. т. 10,0. Есеп. б. т. 10,2. Тапсырыс № 252. Таралымы 3000 дана.

Қазақстан Республикасы. «Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13а.